

# МАМАНДЫҚ – ӨМІР ТАҢДАУЫ

**Б**ұл өмірде адамның тағдырын айқындайтын екі нәрсе болса, соның біреуі – мамандық таңдау.

Әрбір адамның бала кездегі арманы: космонавт, дәрігер, мұғалім, өнші, артист және т.б. болу. Алайда, өмір адамның мамандыққа, мамандықтың адамға сай болуы, қоғамның сұранысы, тұлғаның қабілеті, осы үш фактор мамандық таңдауда бірін-бірі толықтыратындығын дәлелдеген. Сонымен қатар, мамандық таңдауда Ж. Аймауытовтың «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ оның кез келгеніне икемділік

қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» деген сөзін басшылыққа алу керек.

М.Әуезов атындағы ОҚУ «Тоқыма және тамақ инженериясы» Жоғары Мектебі «Тамақ инженериясы» кафедрасында қазіргі таңда ағымдары: 6Bo750- Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы, 6Bo7251- Үн және жарма өнімдерінің технологиясы, 6Bo7252- Қант және қант кондитерлік өнімдерінің технологиясы бойынша мамандар даярлайды.

Студенттер астық өңдеу, нан, макарон, кондитер бойынша кәсіпорындарда тәжірибеден өтеді. Және де ма-

мандарымыз сусындарды өндіру және көтерме сату кәсіпорындарында, жобалық-құрылымдық ұйымдарда, ғылыми-зерттеу және сынау орталықтары мен зертханаларында, шикізаттар мен дайын өнімдерді сертификақтау және идентификациялау қызметтерінде, сауда және салық инспекцияларында және басқа тамақ өнімдері өндірісі мен тауар айналымын бақылау органдарында жұмыс істей алады. Оқу ордасының зертханалық базасы замануи құрылғылармен жабдықталған.

Білім беру Бағдарламасы бойынша профессор-оқытушы құрамы Lorraine университеті (Франция), Гент университеті (Бельгия), Падова

университеті (Италия); Мәскеу мемлекеттік тамақ технологиялары университеті (Ресей); Латвия ауылшаруашылық университеті (Латвия); Беларуссия мемлекеттік технологиялық университеттерінде (Беларуссия) тағылымдамадан өткен. Студенттер қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде аталмыш университеттерде академиялық ұтқырлық бойынша бір семестр оқуына мүмкіншілігі бар.

Елімізге жақсы инженерлік дайындығы жоғары, шет тілін білетін, заманауи көзқарасы бар, жас, қайратты, кәсіпқой-технологтар әрқашанда қажет. Оқу ордасында бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға үлес қосып келеміз.

**М.ҚАСЫМОВА,**  
**М.Әуезов атындағы**  
**ОҚУ профессоры**